

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы аясында «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша өткізілген қалалық «Әдістемелер» байқауының қорытындысы

2021 жылғы сәуір айында Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы бекітілген Ережеге сәйкес «Салауатты тамақтану мектебі» жобасы аясында «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша «Әдістемелер» байқауының қалалық кезеңін өткізді.

Байқаудың мақсаты: «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасының әдістемелік компонентін жетілдіру және өскелең ұрпақтың денсаулық мәдениеті негіздерін, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге деген қызығушылықтарын қалыптастырумен байланысты үздік педагогикалық тәжірибелерді, әдістемелік идеяларды насихаттау, тиімді педагогикалық тәжірибені тарату.

Байқауға Нұр-Сұлтан қаласының 3 мектебінен (№№12,13,70) 4 бастауыш сынып педагогі қатысты. Байқаудың қалалық кезеңі сырттай өтті. Байқау жұмысы «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасы бойынша жұмыс жүйесінің толық сипаттамасын және нақты әдістемелік мысалдарды қамтуы тиіс болған.

Байқау материалдары келесі критерийлер бойынша бағаланды:

- «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасы бойынша тақырыптық сәйкестігі;
- Жаңашылдық және өзіндік ерекшелігі;
- Методологиясы;
- Технологиялығы;
- Тиімділігі.

Педагогтердің конкурстық материалдарын қарастыра келе, комиссияның қорытындысы төмендегідей шығарылды:

№	ФИО участников	Школа	Занятое место
1.	Вовк А.В.	№13 ОМ	1
2.	Сапарова А.Т	№12 ББ-БМ	2
3.	Орынбасарова У.С	№70 МЛ	3

1- орын алған қатысушы 2021 жылдың мамыр-маусымда өтетін «Әдістемелер» байқауының республикалық кезеңіне қатысуға жолдама алады.